

Г.Қ. Жылқыбай

ф.ғ.к., доцент, Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті
Түркістан, Қазақстан (e-mail: gulimzhan.zhylkybay@ayu.edu.kz)

Түркі тілдеріндегі септеуліктердің табыс, жатыс, көмектес септік формаларын меңгеруі

Андатпа

Басқа сөз таптарының мәселелеріне байланысты қалыптасқан тұрақты теорияларға шылау сөз табының ие болуы қазақ тіл білімі, қала берді түркология үшін аса маңызды, әрі өзекті мәселелердің бірі саналады. Қазіргі қазақ тіліндегі шылауларға байланысты мәселенің шешіміне тек түркі тілдерін салыстыра зерттеу арқылы ғана қол жеткізе алатынымыз анық. Түркі тілдеріндегі шылауларға байланысты салыстырмалы түрде талданған еңбек тіпті тапшы. Шылаулар көмекшілік қызмет атқаратын сөздер қатарында болғанымен, жеке сөз табы ретінде арнайы қарастырылуы да қажет. Бірқатар түркі тілдеріндегі шылауларды салыстырудағы мақсат қазақ тіліндегі шылаулардың да қызметіне байланысты кеңірек пікір айтуға негізделеді. Тақырып нақтыланған сайын зерттегілі отырған тақырыптың қыр-сыры толық ашыла түсетіні ақиқат. Сол себепті бұл мақала түркі тілдеріндегі табыс, жатыс, көмектес септік формаларын меңгеретін септеуліктер мәселесіне арналады.

Кілт сөздер: септеуліктер, салыстыра зерттеу, септіктерді меңгеру, септеуліктер қызметінің күрделілігі, түркі тілдері, ерекшеліктер

G.K. Zhylkybay

Candidate of Philological Sciences, Associate Professor, Khoja Akhmet Yassawi International Kazakh-Turkish University, Turkestan, Kazakhstan (e-mail: gulimzhan.zhylkybay@ayu.edu.kz)

The Acquisition Postpositions in Turkic Languages with the Forms of Accusative, Locative and Instrumental Cases

Abstract

Possessing stable theories developed in connection with the problems of other parts of speech, postpositions are one of the most important and urgent problems for Kazakh linguistics, and in Turkology. Obviously, the solution to the problems of the modern Kazakh language can be achieved only through a comparative study of the Turkic languages. Comparatively analyzed work related to noises in Turkic languages is even scarce. Although noises are among those who work as an assistant, they should be treated as a separate word. The purpose of comparison of postpositions of Turkic languages is a broader understanding of the activities of postpositions in Kazakh language. It is true that the topic is fully revealed every time when the subject is studied. For this reason, this article is devoted to the problem of accusative, locative and instrumental cases in Turkic languages.

Key words: postpositions, comparative studies, mastering cases, complexity of cases, Turkic languages, features

Қазақ тілінде және түркі тілдерінде септеуліктер атау, барыс және шығыс септіктерінен соң қолданылады деген пікір қалыптасқан. Бұл пікір барлық түркі тілдерінің грамматикалық еңбектерінде айтылады.

А.Ысқақовтың «Қазіргі қазақ тілі» аталатын қазақ тілінің толық курсы қамтитын еңбекте демеулер деп берген септеулік шылауларға қатысты тақырыпта «Демеулер өзіне қатысты сөздердің (өздерінен бұрын тұрған сөздердің) белгілі тұлғада тұруын керек етеді. Олардың басым көпшілігі ілік, табыс, жатыс, көмектес жалғауларын керек етпейді. Барыс, шығыс жалғауларын керек етеді. Басқаша айтсақ барыс, шығыс жалғауларындағы есімдерді меңгереді» деп көрсетеді [1, 353-354-б.]. Ал кейінгі еңбектерде бұған көмектес септігінің жалғауын меңгеруін де айтып жүр.

Түрік ғалымы Эрджан Алкая да жалпы түркі тілдеріне байланысты: «Септеуліктердің өзіндік бір ерекшелігі міндетті түрде бір септік формалы сөзден соң қолданылады. Септеуліктер көбіне атау, ілік, барыс және шығыс септіктерінен соң қолданылады» [2, 38-39-б.], - дейді. Ия, шындығында да, көптеген түркі тілдерінде септеуліктер атау, барыс және шығыс септігінен соң қолданылады да, табыс, жатыс, көмектес септіктерін меңгеретін септеуліктер кездесе бермейді. Дегенмен мүлде жоқ та емес. Жоғарыда ілік септігімен жұмсалатын біршама тілдердегі септеуліктер жайлы айтып өттік. Сонымен бірге қазақ тілінің кейінгі шыққан еңбектерінде көрсеткендей көмектес септігін қажетсінетін септеуліктер де бар. Мысалы: *Оны білуге баланың туғаннан бастап, өсіп жеткенінше тәнімен қатар ақылы қалай кіретін жолын білуге керек* (Байтұрсынұлы А. Ақ жол, 252-253).

Мұндай қолданыс басқа түркі тілдерінде де бар. Мысалы, түрік тілінен мысалдар келтіруге болады. *Ялыз, мәдениэтин гүрултүсү ичинде, модасы гәчэн бүтүн ойунларла бирликте көшейе атылды* - Тек, мәдениеттің шуының ішінде сәні өткен барлық ойындармен бірге елеусіз қалды (Оғуз А., *Tehlikeli oyunlar*, 78). *Коджаман адам, бу итишле бэрабэр кендини йере атты* - Алып адам бұл текетіреспен бірге өзін жерге ұрды (Оғуз А., *Tehlikeli oyunlar*, 194-б.), т.б. сөйлемдер сөзімізге дәлел бола алады. Жалпы, түрікшедегі *иле// -ле// -ла* жеке септеулік шылау сөз қызметін де, көмектес септігінің қызметін де атқаратын тұлға. Түрік тілінің грамматикаларында көмектес септігін меңгеретін септеуліктер деп атаушылық қалыптаспаған. Себебі, мұндай сөйлемдерде *иле// -ле// -ла* тұлғаларының көмектестің жалғауынан гөрі септеулік мағынасы барын алға тартады. Бұл туралы

түрік ғалымы З. Коркмаз былай дейді: «*иле* септеулігі оп-оңай тіркескенде бір қызметке ие болуы үшін (*иле* > *-й-ла*) бұл септеулік дәл сондай қызметтегі *бирликте* және *бэрабэр* септеуліктерінің бірімен толығады» [3, 170-б.]. Бұл тұжырым басқа да түркі тілдерінің көбісіне тән дүние. Яғни, көбісінде көмектес септігінің орнын көмекші ретінде септеуліктер атқарады. Мысалы: Татарша: *Бервакыт Худжа Насретдин бер бай белең өйүне кайтып барғанда, бай 99 сум ақча тапқан* - Бір уақытта Қожа Насыр байменен бірге үйіне барғанда 99 сом ақша тапқан (Велитова Н. Худжа Насреддин мезеклере, 18).

Башқұртшада: *Белки, беззең менен тамақ ялған алырһығыз?-тине* - Бәлкім, бізбенен бірге тамақ жерсіз? - деді [4, 208-б.].

Қырғызша: *Кымбат Чынгыз менен бир класта окуит* - Қымбат Чыңғыспенен бірге бір сыныпта оқиды [5, 254-б.].

Қарақалпақша: *Басқа да қарақалпақ дастанлары менен бир қатарда «Қырық қыз» дастанын анализлейди* (Мақсетов Қ. Қырық қыз, 243).

Құмықша: *Мени алған соң, мени булан шунда яшасын* - Мені алғаннан соң менімен бірге сонда жасарсың (Хажиева Ж.Ш., Мусаханова Г.Б. Қумақланы иомақларыве хабарлары, 5).

Ноғайша: *Асан әскәр мынан соғысга кетти* – Асан әскерменен бірге соғысқа кетті (Султанбекова М.К. Туған ел литературасы, 109).

Қарашай-балқар: *Үйнү үсүнден халқ жомақла бу затла бла толу байланыбдыла* - Үй туралы халық жұмбақтары осы заттарменен жиі байланысты болады (Солтан А. Қарашай халқыны ел берген жомақлары, 19).

Ұйғырша: *Адам, адам билан адам* - Адам, адамменен бірге адам (Мақал).

Өзбекше: *У билан түрлү нәрсәләр хақыда узақ сұхбатлашди* - Оныменен бірге түрлі нәрселер жайында сұхбаттасты (Қаһһар А., Гулам Ғ. Қошчынар чырақлары, 108).

Әзербайжанша: *Ејвазле Күлшән Ханпәринин јанына кетдиләр* - Эйвазбен (бірге) Күлшән Ханперінің қасына кетті.

Түркіменше: *Ол бейлекли халычилар билен биле чыкып гайтды* - Ол бишілемен бірге шығып қайтты.

Тілдік мысалдардан көретініміз септеуліктер бұл тілдерде көмектес септігінің формасынсыз-ақ (жоғарыда атағандай сондықтан бұл тілдерде *бірлә>биле// бірле// билен// белең// билан// бла// менен// пенен// мынан* т.б. атау формалы сөзді меңгеретін септеуліктер

қатарында) біргелік, қабаттастық мағына тудыра алады. Өйткені, «басқа түркі тілдерінде көмектес септігінің мағынасы көбіне септеулік шылау арқылы беріледі» [6, 86-б.]. Сондықтан да, көптеген ғалымдардың пікірінде басқа да түркі тілдерінің басым көпшілігінде көмектес септігінің формасы жоққа саналады (бұл туралы таластар да көп). Айталық, ұйғыр, өзбек, әзербайжан, түркімен, салар, қарақалпақ, қырғыз, башқұрт, татар, алтай, карашай-балқар, қырым татарлары, құмық, ноғай, хакас, тува, шор, якут, чуваш т.б. тілдерінде. Демек, қазіргі таңда түркі тілдерінің ішінде санаулы тілде ғана көмектес септігі бар деп есептелсе, бұл септік жалғауы септеуліктен пайда болғанын көреміз. Айталық, қазақ тілінде *мен(менен)* тұлғасы шылаулық қызметтен жалғау қызметіне өтіп, көмектес септігінің жалғауы сипатында қолданылып келеді [1, 66-б.]. Қазақ тіліне ұқсас мұндай құбылыс қарайым тілінде бар деп есептеледі. Яғни, қарайымшада ескі түрікшедегі *биле* септеулігінің жалғау формасына өтуі қалыптасқан, бірақ қазақ тіліндегіден өзгешелеу *-ба// -бе* түрінде жұмсалады. Мысалы: *Бийикликтя юлдуз юлдузба тыйылтын сөзляшят* - Жоғарыда жұлдыз жұлдызбенен жасырын сөйлеседі.

Ал көне түркі ескерткіштерінде көмектес септігінің себеп-салдарлық мағынасын *-ын// -ін// -н* жалғаулары білдіргеніне (*Көзін көрмедүк, құлқақын естімедік* - Көзімен көрмеген, құлағымен естімеген [7, 76-б.]), біргелік мағынасын *бірле* септеулігі білдіргеніне (*Інім Күлтегін бірле қазғантым* – Інім Күлтегінмен бірге қолдандым [7, 76-б.]) қарағанда қазіргі қазақ тіліндегі *-мен// -менен// -бен// -бенен// -пен// -пенен*, қарайым тіліндегі *-ба// -бе* көмектес септігінің формалары соңғы кездерде дамығандығымен қоса оның екінші бір қасиеті септеулік қызметін де атқара алатындығы белгілі болады.

Қазақ тілінде және көптеген түркі тілдерінде септеуліктердің табыс септігіндегі сөзді меңгеруі екіталай. Десек те, мұндай қолданысты жоқ деп айта алмаймыз. Мәселен, қазақ, башқұрт, қарақалпақ, ноғай тілдерінде барыс септігін меңгеретін *қарай* септеулік шылауы қырғыз тілінде көбіне барыс септігімен, кейде табыс септігінің жалғауымен қолданылатынын көреміз. Мысалы: *Жолдо қарай аңгемелешеп келдик* - Жолға қарай әңгімелесіп келдік [8, 342-б.]. *Ертең менен көл эсиекті қарай аттанғанда Бостан бөрүлөрдүң артынан сайа түшүп, көздөгөн ойун атқармак* - Ертеңменен көл жиекке қарай аттанғанда Бостан бөрілердің артынан сайға түсіп, көздеген ойын атқармақ (Ш.Айтматов, 128). Осыған орай, қырғыз тілінің кейбір грамматикаларында табыс септігін меңгеретін

септеуліктер тобын (*табыш жөндөмөсүн талап кылуучу жандоочта*) көрсетеді. Топтың құрамына *қарай, қарап, бойлап, қарата, көздөй, қатар* деген сөздер жатқызылады [9, 93-б.]. Мысалы: *Поезд Москваға қарай кетті. Мен сунны бойлоп келдим - Мен суды бойлап келдім. Жолдо қатар бірде Сулайманды, бірде Сапарды ойлоп бараттым - Жолда бойында бірде Сулайманды, бірде Сапарды ойлап бара жаттым* [9, 452-б.].

Қарақалпақ тілінде де *табыс септігіндегі сөздерді меңгеретін септеуліктер* аты берілген сөздер тобы бары айтылады. Оларға *жағалап, бойлап* сөздерін жатқызып жүр. Мысалы: *Сабыр соқпақ пенен ауылға дәрбияны жағалап қашып отырды. («Жеткиншек»).* *Асфальт жолды бойлап екі ярым сааттай уақыт жүрди* (Ж.Сапаров) [10, 326-б.].

Дегенмен, осы екі тілдегі (қырғыз, қарақалпақ) *бойлап// бойлоп, жағалап* сөздерінің айналасында бізде екіұдай пікір бар. Себебі, қазақ тілі секілді дәл осы сөздердің бұл тілдерде де әлі күнге толық мағынасынан ажырамағаны, әрі сөйлемде көмекшіліктен гөрі негізгі етістік ретінде жұмсалатыны септеулік деп тануға әлі жетпеген секілді. Бір жағы *қарай, қарап* септеуліктерінің қазір етістік формасы (*қарау*) өмір сүріп жатқанымен, *қарай, қарап* септеуліктері нақ сол *қарау* етістігінің мағынасында жұмсалмайтынын көреміз. Яғни, *қарай, қарап* септеулік қатарында болғанымен, *бойлап, жағалап* сөздерінің септеулік шылау деуі қисынға келмейтіндей.

Қазіргі түркі тілдерінің ішінде өте ерекше саналатын және осыған орай басқа тілдерден бөлек өзі жеке топ ретінде көрінетін бұлғар тобының бүгінгі күндегі жалғыз өкілі чуваш тілінде де жатыс септігінің жалғауын меңгеруші септеулік түрлері бар көрінеді. Бұл туралы чуваш тілінде тек шығыс септігінің жалғауын талап ететін *соң, кейін* орнында қолданылатын *вара* шылауы сілтеу есімдігімен келгенде кейде жатыстың жалғауын алатындығын айтады түрік ғалымы Фейзи Эрсой. Яғни, ғалымның айтуынша, *бұдан соң* тіркесін *шавынтан вара* деп те, *шавынта вара* деп те қолданушылық бар көрінеді [11, 1326-б.].

Сонымен, бүгінгі таңда өте сирек кездесе де, септеуліктердің жатыс септікті меңгеруі аса жат емес секілді көрінеді. Себебі, Орхон жазбаларынан бұған байланысты бірнеше мысал келтіре аламыз. Мәселен, Орхон жазбаларында *кісре// кесре* (соң, кейін) шылауы табыс септігінің жалғауын игеріп сөз тіркесін жасауын бірнеше сөйлемде кездестіреміз. Мысалы: *Анта кісре біліг бертүг ичин* - Одан соң білік берген үшін. *Ол кан иоқ болтұқда кісре* - Ол хан өлгеннен соң; *Ягру*

контоқда кісре аңыз біліг анта өйөр ермиш - Жағалап орналасқаннан соң жаман ниеттерін ойлапты. *Анта кісре қаңым каган учды* - Одан соң әкем қаған қайтыс болды т.б. Бұл жөнінде, яғни жатыс септікті меңгеретін септеуліктердің Орхон жазбаларында кездесетіні жөнінде Элиса Шүкүровтің әзербайжан тілінің тарихи грамматикасына арналған еңбегінде көруге болады. Ғалым Орхон жазбаларының грамматикалық байланыстарында болған жатыс септігінде қолданылатын жалғыз септеуліктің (кісре) барын айта келе жоғарыдағы бірнеше мысалдарды ұсынған [12, 41-б.].

Ал түрік ғалымы Талат Текиннің «Орхон түрікшесінің грамматикасы» атты көне түркі тілін арнайы зерттеп, саралаған кітабында жатыс септігін меңгеретін септеуліктер санының жалғыз еместігіне мысалдар келтіреді. Ғалым, *кісре* септеулігінен бөлек *өтрү* (соң, кейін), *үзе* (үсті), *адын* (бөлек, басқа), *өңі* (бөлек, басқа), *ыңгару* (соң, кейін) деген шылау сөздерді атайды. Мысалы: *Анта өтрү каганыма өтүнтүм* - Одан соң қағаныма өтіндім. *Анта өтрү оғуз копын келті* - Одан соң оғыздың барлығы келді. *Кіші оғлынта үзе Ешүм апам Бумын каган Иштеми каган олармыш* - Адамзаттың үстіне аталарым, бабаларым Бумын қаған, Истеми қаған таққа отырды. *Ічра ашсыз таиша тонсуз ябыз яблак бодынта үзе олуртум* - Қарны аш, сырты жалаңаш, кедей және шарасыз бір халыққа билік еттім. *Ол төрөде үзе ечим каган олорты* - Ол төреліктен соң ағам қаған болды. *Каган екі әрмиш; анта адын өдкүнч каган әрмиш* - Қаған екеу екен: одан басқа бірі жасанды қаған екен. *Ідішімта аяқымта өңі канча барыр ман* - Ыдысымнан, тұсауымнан қайда барам. *Түрүк бодун анта ыңгару йок болты* - Түрік халқы одан соң жоқ болды. *Анта ыңгару басымыл Карлук иок болты* - Одан соң басымылдар мен қарлұқтар жоқ болды [13,155-156-б.]. Осы орайда Фейзи Эрсойдың жоғарыда сөз еткен еңбегінде «жатыс пен шығыс септіктері бір формамен кездеседі және *-da// -de// -ta// -te* көрсеткіштері жатыстың жанында шығыс жалғауының да мағыналарын беретін» [11,1326-б.], – дейді бұл жөнінде.

Тілінде сегіз септік жалғауы бар деп есептелетін хакасшаның да басқа түркі тілдеріне тән емес бағыттық (направительный) септік деп аталатын жалғау түріне де септеуліктер жалғанады. Бағыттық септік зат есімдерге *-зар// -зер// -сар// -сер* қосымшаларын жалғау арқылы жасалады [13, 321-б.]. Ал ол сөзбенен тіркесетін септеулікке *удур* сөзі жатады. Мысалы: *Оларзар удур турна учыгып одыр* - Оларға қарсы тырна отыр [14, 257-б.]. Сондай-ақ, сегізінші септік түрі ретінде

құралдық (орудный) септігін алған сөзден соң да септеуліктер тіркеседі. Құралдық (орудный) зат есімдерге *-наң// -нең* қосымшаларын қосу арқылы жасалады [13, 321-б.]. Ал бұл септік жалғауымен жалпы түркі тілдерінде әдетте шығыс және көмектес формалы сөздерге тіркесетін септеуліктердің хакас тіліндегі нұсқалары *пеер* (бері), *хада* (бірге), *хости* (бірге), *паша* (басқа) т.б. тіркеседі. Мысалы: *Хажан пуруннаң пеер* - Өте ертеден бері. *Жилнең хада паңмыр читкен* - Жолмен бірге жаңбыр жеткен. *Фотокарточкада Каматнаң хости пыр чийт оол турчатһан* - Фотокарточкада Каматпен бірге бір жас бала тұрған [14, 257-б.].

Қорытындылай келгенде, түркі тілдерінде септеуліктердің табыс, жатыс, көмектес, құралдық, бағыттық септік жалғауларымен тіркесуі қазіргі таңда сирек болса да қолданыс үстінде екеніне көз жеткіздік. Жатыс, құралдық, бағыттық септіктерімен тіркесетін септеуліктер өте көнеден келе жатқан болса, септеуліктердің табыс, көмектес септігімен тіркесуі кейінгі дәуірлердің өнімдерінің бірі десек болады: Табыс және бағыттық септігімен тіркесетін септеуліктер мекендік бет алыс пен бағытты және мезгілді білдіреді, жатыс, көмектес және құралдық септіктерімен тіркесетін септеуліктер қимыл-әрекеттің басқа бір қимыл-әрекетпен қабаттаса, жарыса істелгенін, біргелігін білдіреді.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Ысқақов А. Қазіргі қазақ тілі. Алматы, 1991. - 454 б.
2. Alkaya E. Kuzey Grubu Türk lehçelerinde edatlar. Elazığ, 2007. - 759 s.
3. Korkmaz Z. Türkiye Türkçesi Grameri. Ankara, 2009. - 248 s.
4. Ғелимов А.А., Кеуекбаев Ж.Ф., Феритов Х.С. Башқорт теле. 5-6, Өфө, 1988. -384 б.
5. Mustafa Öner, Bugünkü kırçak türkçesi. TDK Yay., Ankara, 1998. -703 s.
6. Исаев С.М. Қазақ тілі. Алматы, 2007. -340 б.
7. Айдаров Ғ. Көне түркі жазба ескерткіштерінің тілі. Алматы, 1971. -272 б.
8. Орузбаева Б., Кудайбергенов С. Кыргыз тилинин грамматикасы. Морфология, Фрунзе, 1964. -264 б.
9. Жакупова Ы., Турусбеков С., Майрыков Д. Кыргыз тилинин грамматикасы. Лексика, фонетика жана морфология. Фрунзе, 1954. -345 б.
10. Хәзирги қарақалпақ әдеби тилинин грамматикасы. Сөз жасалуы хәм морфология. Нөкис «Билим», 1994. - 328 б.
11. Türk lehçeleri grameri (ред: А.В.Ercilasun). Ankara, 2007. -1340 s.
12. Шүкүрова Э. Азербайджан дилинин тарихи грамматикасы, Морфология, Бақы, 1981. - 286 б.
13. Talat Tekin, Orhon türkçesi grameri, Ankara, 2000. -273 s.
14. Баскаков Н.А. Инкижекова-Грекул А.И. Хакасско-русский словарь, Москва, 1953. - 487 с.

REFERENCES

1. Ysqaqov A. Qazirgi qazaq tili. Almaty, 1991. - 454 b.
2. Alkaya E. Kuzey Grubu Türk lehçelerinde edatlar. Elazığ, 2007. - 759 s.
3. Korkmaz Z. Türkiye Türkçesi Grameri. Ankara, 2009. - 248 s.
4. Ğelimov A.A., Keýekbaev J.F., Feritov H.S. Bashqort tele. 5-6, Ófó, 1988. -384 b.
5. Mustafa Öner, Bugünkü Kıpçak Türkçesi. TDK Yay., Ankara, 1998. -703 s.
6. Isaev S.M. Qazaq tili. Almaty, 2007. -340 b.
7. Aıdarov Ğ. Kóne túrki jazba eskertkisheriniń tili. Almaty, 1971. -272 b.
8. Orýzbaeva B., Kýdaibergenov S. Kyrgyz tilinin grammatikasy. Morfologua, Frýnze, 1964. - 264 b.
9. Jakýpova Y., Týrysbekov S., Maırykov D. Kyrgyz tilinin grammatikasy. Leksika, fonetika jana morfologua. Frýnze, 1954. -345 b.
10. Házirgi qaraqalpaq ádebi tilinin grammatikasy. Sóz jasalyý hám morfologua. Nókıs «Bılım», 1994. - 328 b.
11. Türk Lehçeleri Grameri (red: A.B.Ercilasun). Ankara, 2007. -1340 s.
12. Shúkúrova E. Azerbaidjan dilinin tarihi grammatikasy, Morfologua, Baký, 1981. 286 b.
13. Talat Tekin, Orhon Türkçesi Grameri, Ankara, 2000. -273 s.
14. Baskakov N.A. Inkijekova-Grekýl A.I. Hakassko-rýssku slovar, Moskva, 1953. - 487 s.

Özet

Başka kelime gruplarının meselelerine bağlı olarak kalıplaşmış teorilere bağlaç grubunun sahip olması Kazak dilbilimi ve türkoloji için oldukça önemli ve temel meselelerden biridir. Çağdaş Kazak Türkçesindeki bağlaçlara bağlı meselenin çözümüne sadece Türk dilleri üzerine yapılacak karşılaştırmalı çalışmalar sayesinde ulaşabiliriz. Türk dillerindeki bağlaçlar üzerine yapılan karşılaştırmalı çalışmalar yok denecek kadar azdır. Bağlaçlar yardımcı olarak görev yapan kelimeler olmakla birlikte ayrı kelime grubu olarak özel bir çalışmayı da gerektirir. Bazı Türk dillerindeki bağlaçların karşılaştırılmasındaki amaç Kazak Türkçesindeki bağlaçların da görevi hakkında fikir yürütebilmektir. Konu netlik kazandıkça araştırılmakta olan konunun ayrıntılarının iyice ortaya çıkacağı açıktır. Bu sebeple makalede Türk dillerindeki belirtme, bulunma ve vasıta hâli eklerinin kullanımı meselesi ele alınmıştır.

Anahtar Kelimeler: hâl ekleri, karşılaştırmalı çalışma, hâl eklerinin görev karışıklığı, Türk dilleri, özellikler

(Zhylkybay G.K., Türk Dillerinde Belirtme, Bulunma, Vasıta Hâl Eklerinin Kullanılışı)

Аннотация

Послелогои являются одной из важнейших и актуальных проблем как в казахском языкознании, так и в тюркологии. Очевидно, что решение проблем современного казахского языка может быть достигнуто только путем сравнительного изучения тюркских языков. Сравнительно проанализированный труд, связанный с послелогоами, в тюркских языках даже ограничен. Хотя послелогои должны рассматриваться как отдельное слово. Целью сравнения послелогоов тюркских языков является более широкое понимание деятельности послелогоов в казахском языке. Это правда, что тема полностью раскрывается каждый раз, когда изучается предмет. По этой причине данная статья посвящена проблеме винительного, местного и творительного падежей в тюркских языках.

Ключевые слова: послелогои, сравнительные исследования, освоение падежей, сложность функции послелогоов, тюркские языки, особенность

(Жылкыбай Г.К. Изучение послелогоов в тюркских языках с формами винительного, местного и творительного падежа)